

Ж.ЖАБАЕВ АТЫНДАҒЫ № 234 ОРТА МЕКТЕП

**ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ 2022-2023 ОҚУ
ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ
АНЫҚТАМАСЫ**



Психологиялық қызметтің мақсаты:

1. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік - психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.
2. Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа дер кезінде көмек көрсету;
3. Оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;
4. Педагогтардың, ата - аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық – педагогикалық жағымды дағдыларын жетілдіру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін - өзі тәрбиелеу және өзін - өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық - педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
 - Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу - тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата - аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету; мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсету;
- Білім беру үрдісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін көтеру. Ұстаздар мен ата - аналардың психологиялық құзіреттілігін арттыру.

Келесі бағыттар бойынша жұмыс жасалынды:

- **Психодиагностика.**

Оқыту мен тәрбиелеудегі себептері себептерді, проблемаларды анықтау мақсатында тұлғаның қасиеттерін психологиялық - педагогикалық зерттеу.

- **Психопрофилактика.**

Қоғамдық қауіпті құбылыстар мен аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау, білім алушылардың әлеуметтік – психологиялық жат қылықтарының алдын алу.

- **Психологиялық кеңес беру.**

Білім беру мен оқытуды дамытуға өтініш білдірген ересектер мен балаларға жағдайды шешуге көмек көрсету.

- **Психологиялық түзету.**

Жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісіне қиындықтар, мәселелер, белсенді әсер етушілермен жұмыс. Психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау.

- **Психологиялық ағарту.**

Психологиялық мәдениетті көтеру, психологиялық қызметке сұранысты қалыптастыру және проблемалар туралы ақпарат беру.

Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектептегі психологиялық қызметтің

2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстарына

АНЫҚТАМА

Ж.Жабаев атындағы № 234 орта мектебі бойынша психологиялық қызмет іс-әрекетінің жылдық жұмыстарының негізінде оқу жылына арналған жылдық іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы негізінде жасалды.

- 1,5,11-сынып оқушыларымен жүргізілетін жеке жоспарлар, бірлескен жұмыс жоспары, қамқорлықтағы оқушыларға арналған, ерекше бақылауды қажет ететін оқушыларға арналған жоспар, ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жоспар, жеке бағдарламалар, қабілеті жоғары оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жоспары, «Психологиялық қолдау» тобына алынған оқушыларға және мектепшілік бақылауға алынған оқушыларға арналған жеке жоспарлар жасалып, жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Лауазымдық міндет, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, психологиялық қызмет қағидасына арналған бұйрықтар шығарылды;
- Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалды;
- 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарынан түгел жыл бойы жүргізілетін психодиагностикалық жұмыс жүргізуге келісім қолхаты алынды;
- ДТЖОЖО, әлеуметтік педагог, психологтардың бірлескен жұмысы нәтижесінде тәртібіне байланысты, психологиялық мінез-құлқына, отбасы жағдайына байланысты және сұраныс негізінде оқушылар тізімі жасалып, ерекше бақылауға алынды;
- Топтық жұмыстарды жүргізу, жеке кеңес беру, сұранысты тіркеу, сараптамалық жұмыстарды тіркеу, ерекше бақылаудағы, «Психологиялық қолдау» тобына алынған оқушыларды қадағалау журналдары әзірленіп, жүйелі жұмыстар жүргізіліп, уақытылы толтырылды; Ерекше бақылаудағы, «Психологиялық қолдау» тобына алынған оқушылардың тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында әлеуметтік педагог, сынып жетекшімен бірлесіп рейд жасалып, ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
- Психологиялық қызмет орталығының жүргізген жұмыстары фейсбук әлеуметтік желісіне жарияланды;

Оқу жылының басында мектепшілік тізімге алу жұмыстары жүргізілді. Мұнда оқушылардың отбасы әлеуметтік – психологиялық ахуалы мен әлеуметтік сапасына мән берілді және оқушылардың педагогикалық –психологиялық жеке карталары толтырылды.

Жоспар бойынша ай сайын атқарылған *психодиагностикалық бағыттағы* жұмыстар тізімі:

1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында К.Наресек тесті алынып қорытындысы шығарылып,коррекцияланды.



5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау,мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипс әдістемесі) және «Менің сыныбым» әдістемелері алынып,коррекцияланды.

Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау мақсатында 7-11 сынып «DASS шкаласы, 5-6 сыныптардан «НСВ-10 тесті»алынып қорытындыланып нәтижесінде 1 оқушы «Психологиялық қолдау» тобына алынып арнайы маманға жолданды және көңіл-күйінде өзгеріс байқалған оқушылар сұхбатқа шақырылды; Оқушының психологиялық саулығын бағалау мақсатында эссе жұмыстары алынып нәтижесінде 1оқушымен сұхбаттасып,бақылауға алынды. Эссе тақырыптары: «Өзінді макта», «Менің армандарым», «Менің өмірім», «Менің айталмаған сырларым», «Мен өзгерткім келеді», «Мен таңдаған өмір» «Болашаққа хат» .

Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау: Д.Мореноның «Социометрия» әдістемесі 5-11 сыныптардан алынып қорытындыланып коррекцияланды.

Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау мақсатында 5-7 сынып оқушыларынан Лусканова сауалнамасы алынып,қорытындыланды.

2-11 сынып оқушыларының темперамент типін анықтау мақсатында «Сіздің темпераментіңіз»тесті алынды.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар алынды. «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау».

Оқушылармен кәсіптік бағдар беру барысында оқушылардан сауалнама алынды. Д.Голландтың кәсіби-тұлғалық типін анықтау тестісі. Голомшток әдістемесі бойынша қызығушылық картасы алынып қорытындыланды. Оқушылардың психикалық саулығын бағалау шкаласы. Э. Ховард бойынша стресске төзімділік тесті. Дасс шкаласы алынып нәтижесінде 1 оқушы «Тәуекел топқа» алынып арнайы ВОП дәрігерге көрсетілді. 2 оқушы мектепшілік бақылауға алынды. 9 сынып оқушыларының қызығушылығын анықтау мақсатында «Профиль әдістемесі» алынды.

Профилактикалық бағыттағы жұмыстар тізімі:

Қыркүйек айының алғашқа аптасында бастауыш сынып оқушыларына Зорлық-зомбылықтың алдын алу, жолда жүру ережесін сақтау, көше мен жолдарда қауіпсіз жүріс тұрыс дағдыларын игерту мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



«Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбында ата-аналарға семинар тренинг ұйымдастырылды



Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарында, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу жұмыстары жүргізілді. 2022 жылы 26 қыркүйек күні 1-11 сынып ата-аналарына «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы жадынама, кеңестер жіберілді. Сондай-ақ «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету жолдары» тақырыбында WhatsApp әлеуметтік желісінде жадынама таратылды. Психологиялық кеңеспен танысқан ата-аналар чатта кері байланыс берді.

«Балаларымыздың психикалық денсаулығы», «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік», // «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ» «Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім таңдайды?», «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыптарында ата-аналарға семинар тренингтер ұйымдастырылып, кеңестер беріліп, жадынамалар таратылды.

m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid034e4m4QuV6Uj4VCjdb8AyLfd5bDUPHDFHfcR7gPwc2btsFo52TgpXuMv3rQZKagI&id=100009132096272&mibextid=Nif5oz



Оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу, «Интернет және мен» «Буллинг және кибербуллинг дегенміз не?» https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0jDf1z6wWLIgUViR2fKfC9QahBvHsP6YYxMNWoYfTuGg33Ctp5wRng2UV6qXd2KCdI&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02FcR6Q8U0RJAeEBvMYbheDP82eKGhDSms5DT7nWXVZ1PdFU3Cud2oHxdFTNQIMVMl&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz Құқықбұзушылықтың алдын-алу, ерте жүктіліктің алдын-алу, «Қыз бала гигиенасы», «Психикалық денсаулық», «Отбасы бақыт мекені» тақырыптарында семинар тренингтер, сабақ мамандарымен кездесулер өткізіліп, кеңестер беріліп, жадынамалар таратылды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ATWRfRmWMTJbSH3vx61tJMa2oVfawAbnhap4PuWZcgHEVpadPjYsT8jVikutp8N2I&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz

Жоспар бойынша ай сайын атқарылған Психоконсультациялық бағыттағы жұмыстар тізімі:

Жыл бойы: сынып жетекшілерге зерттеу нәтижелері бойынша кеңес беру, жас мамандарға бейімделуге байланысты кеңес беру, ата-аналар комитетімен жұмыс, сұраныс бойынша жеке және топық кеңес беру жұмыстары жүргізді.

Жоспар бойынша ай сайын атқарылған *Психокоррекциялық бағыттағы* жұмыстар тізімі:

Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету мақсатында жне оқу мотивациясын арттырып, танымдық үрдістерін дамытатын ойын жаттгулар, тренингтер ұйымдастырылды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0sZg8aKverwe7YG4VDQUGTk7CNPcGsjp5KiKhBYirbHNj3Vb6LV7qW2VxXGHqFuEcl&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz



Мұғалімдермен орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары туралы» және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы ұсынған «Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын—алу» бағдарламасын бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02bniFy9rfYpyjRB5BVbUFd2rmFsSHKQEu7cuGW7odPGBgGfYDrDYFBGze9m2UDd43l&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz



Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуіне, ортада өзін өзі сенімді ұстауға, мінез бітістерін басқара білуге психологиялық сабақтар өткізілді.



Мектеп бітіруші 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақтар өткізілді.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid08cA1GfQK3Ep1L7s8LrFWq1Xs5gYyATSSihW5JiKHRzn9jeTuAny4mVhEjENwRwYxl&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz

Жас мамандарды психологиялық қолдау мақсатында «Өзгені түсіну өзіңді түсіну жол ашады» тақырыбында тренинг өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02eWQpiohE7eo2hZmF3b8G4ntgzZT2s31E2zwAkiHUnp9RpEZuVVOmkpbQPcM54h2gl&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz

Ата аналармен «Ата-ананың алақаны балаға саялы бақ» тақырыбында тренинг өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0G975sY6bStZCIEVTSqM7SKppkUL2vqeu68qw92XSHDg53QHVBbhpM8GmWr98HuTyl&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz

Бала тәрбиесі дамуындағы отбасы ролін насихаттау мақсатында «Бала жанының әдемілігін түсін-ата ана» акырыбында тренинг өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0sg7rAHtMdncwyp7TDsEV2nRWk9diInS4xWCFMJNZJixyAddk5Q3cfZmqVEhpGEgNI&id=100024336752248&mibextid=Nif5oz

Ерекше бақылауды қажет ететін оқушыларды психологиялық сүйемелдеу мақсатында түзете дамыту сабақтары өткізілді.

Желтоқсан, қаңтар, ақпан: Мектеп оқушыларымен арт терапия элементтерін қолдану арқылы психокоррекциялық сабақ, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға арналған тенинг сабақ (7-8-сынып), таным процестеріне байланысты тренинг сабақ (2-3-4), Ерекше назардағы оқушылармен, «Тәуекел топпен» релаксациялық жаттығулар, жеке түзете дамыту, сұраныс бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды:

1. Оқу жылының жұмыс жоспарын өзіндік жетілдіру;
2. Педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жүргізілетін бес бағыт бойынша жұмыс мазмұнын толықтыру;
3. Өзіндік білімді жетілдіру деңгейін жоғарлату;
4. Психолог кабинетін толық жабдықтау;
5. Өз тәжірибемізді басылымдарда жариялау.

Мектеп психологтары:



Е.Жұмагүлов



Б.Ермаханова